Упаковку, руководство пользователя, а также сам прибор необходимо утилизировать в соответствии с местной программой по переработке отходов. После окончания срока службы не выбрасывайте прибор вместе с бытовыми отходами. Передайте его в специализированный пункт для дальнейшей утилизации. Проявите заботу об окружающей среде. Отходы, образующиеся при утилизации изделий, подлежат обязательному сбору с последующей утилизацией в установленном порядке и в соответствии с действующими требованиями и нормами отраслевой нормативной документации, в том числе в соответствии с СанПиН 2.1.7.1322-03 «Гигиенические требования к размещению и обезвреживанию отходов производства и потребления».

 Пайдаланар алдында пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, оны анықтамалық ретінде сақтап қойыңыз. Аспапты дұрыс пайдалану оның қызметінің мерзімін ұзартады.

Бұл нұсқаулықтағы қауіпсіздік шаралары мен нұсқаулар құралды қолдану кезінде туындауы мүмкін барлық жағдайларды қамтымайды. Бұл құрылғымен жұмыс кезінде қолданушы ақылға сүйеніп, абай әрі мұқият болуы тиіс.

## САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ

- Өндіруші қауіпсіздік техникасының талаптарын және бұйымды пайдалану ережелерін сақтамаудан туындаған зақымдар үшін жауап бермейді.
- Бұл электр аспап пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде мен өнеркәсіптік емес пайдаланудың кез келген басқа осындай жағдайларда пайдаланыла алады. Құрылғыны өнеркәсіптік немесе кез келген мақсатсыз пайдалану бұйымды тиісті түрде пайдалану шарттарын бұзу болып саналады. Бұл жағдайда өндіруші ықтимал салдарлар үшін жауап бермейді.
- Құрылғыны электр желісіне қосар алдында оның кернеуі аспаптың номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамалары немесе зауыттық кестесін қараңыз).
- Аспаптың тұтынатын қуатына есептелген ұзартқыш қолданыңыз: параметрлердің сәйкессіздігі қысқа тұйықталуға немесе кабельдің жануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты қолданған соң, сонымен қатар оны тазалаған немесе тасымалдаған кезде розеткіден өшіріңіз. Электр бауын сымынан емес, штепселінен ұстап тұрып, құрғақ қолмен шығарыңыз.
- Электр қоректендіру бауын есік қуыстарында немесе жылу көздерінің жанында тартпаңыз. Электр бауының бұралмағанын және иілмегенін, үшкір заттарға, бұрыштар мен жиһазға тимегенін қадағалаңыз.

 **Жадыңызда болсын: электр қоректендіру кабелі зақымдалуы кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен қатар электр тоғына ұрынуға әкеліп соқтыруы мүмкін. За-**

**қымдалған электр кабелі сервис-орталықта жедел ауыстыруды талап етеді.**

- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады: құрылғы корпусының ішіне су немесе бөгде заттардың түсуі оны қатты зақымдауы мүмкін.
- Ауа ылғалдағышты жылыту аспаптары мен электр аспаптарына тікелей жақын жерде, сондай-ақ вентиляциялық саңылаулардың жанында орнатпаңыз.
-  **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Резервуарда су жоқ кезде немесе суға арналған резервуарсыз ылғалдатқышты қосуға болмайды. Құралдың жұмысындағы бұзушылықтарды болдырмау үшін жұмыс кезінде резервуарды шешуге тыйым салынады.
- Аспапты тазалар алдында оның электр желісінен өшіріліп, толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқауларды қатаң ұстаныңыз.
-  **Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағыны астына салуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) қолдануына арналмаған, мұндай тұлғалар қадағаланып, олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға осы аспапты қолдануға қатысты нұсқау жасалған жағдайлардан басқа. Балалардың аспаппен, оның жинақтаушыларымен, сонымен қатар зауыттық орамымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалап отыру қажет. Құрылғыны тазалау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жасамауы тиіс.
- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
-  **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспапты кез келген ақауларда пайдалануға тыйым салынады.

**Техникалық сипаттамалар**

Үлгі.....	HF2200S
Қуаты.....	25 Вт
«Жылы бу» функциясы кезінде максималды қуат.....	230 Вт
Кернеу.....	220–240 В, 50 Гц
Электр тоғына ұшыраудан қорғаныс.....	II дәреже
Қашықтық басқару.....	R4S REDMOND технологиясы
Деректерді беру стандарты.....	Wi-Fi
Операциялық жүйелерінде қолдау.....	iOS, Android
Суға арналған резервуар көлемі.....	5 л
Судың шығыны.....	350 мл/сағ (жылы бу), 200 мл/сағ (суық бу)
Қызмет көрсетудің ұсынылған ауданы.....	50 м <sup>2</sup> астам емес
Басқару панелі.....	сенсорлық
Дисплей.....	жарықдиодты
ҚБ пульті.....	бар
ҚБ пультінің қоректену көзі.....	1 × CR2025
Бу жіберу.....	2 пысылдауық, 360°-қа айналу
Ылғалдылық деңгейін қолмен реттеу.....	40–80%
Бу жіберу қарқындылығын реттеу.....	3 деңгей
Ылғалдылықтың орнатылған деңгейін сақтау.....	автоматты
Автоматтық ажырату.....	су жетіспеушілік кезінде, резервуарды алып тастау кезінде

Қосымша функциялары:

- Жылы бу
- Иондану
- Арома-функция
- Түнгі режим

Сөндіру таймері.....	12 сағатқа дейін
Жарықталу.....	бар
Габаритті өлшемдер (ені × биіктігі × ұзындығы).....	284 × 318 × 165 мм
Құралдың салмағы (сусыз).....	2,6 кг
Электр сымының ұзындығы.....	1,5 м

**Комплектация**

Ауаны ылғалдандырғыш.....	1 дана
ҚБ пульті (қоректендіру элементі CR2025).....	1 дана
Мембрана тазалау үшін қылшақ.....	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	1 дана
Сервисті кітапша.....	1 дана

Өндіруші келесі өзгерістер туралы қосымша хабарландырусыз өз өнімдерін жетілдіру барысында дизайнға, жинақталуға, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда ±10% қателікке жол беріледі.

**Аспаптың құрылымы (A1) сурет, 4 бет**

1. Бу беруге арналған сүйірмек

2. Су ыдысының қақпағы
3. Бу шығатын тесік
4. Дисплей
5. Сенсорлық басқару панелі
6. Мембрана тазалау үшін қылшақ
7. Жарықталу
8. Суға арналған резервуар
9. Шашыратқыш
10. Минералсыздандыратын картридж
11. Жұмыс камерасы
12. Ультрадыбыстық мембрана
13. Қалтқы
14. Кіріс клапаны
15. Жылы бу бүріккіш
16. Шығатын клапанды
17. Құралдың негіздемесі
18. Хош иісті майларға арналған спонжы бар түпқойма
19. Электр қуат алу сымы
20. ҚБ пульті

**Дисплеймен басқару панелі (A1) сурет, 4 бет**

- A. Сандық индикатор
- B. Орынжай ішінде температураның индикаторы (°C жылы)
- C. Орынжай ішінде температураның индикаторы (°F жылы)
- D. Ылғалдылық деңгейінің индикаторы (пайызбен)
- E. Таймері жұмысының индикаторы
- F. Ылғалдылықтың қарқындылығы индикаторлары
- G. Иондану индикаторы
- H. Wi-Fi іске қосудың индикаторы
- I. «Жылы бу» функциясының индикаторы
- J. Түнгі тәртіптеме индикаторы
- K. Бала жұмыс режимінің индикаторы
- L. Басқару панелін бұғаттау индикаторы
- M. Резервуардағы судың төмен деңгейінің индикаторы
- N. Автоматты тәртіптеме индикаторы
- O. «Жылы бу» функциясын қосу/сөндіру түймесі
- P. Иондау функциясын қосу/сөндіру түймесі
- Q. Ылғалдандырудың қарқындылығын ретке келтіру түймесі
- R. Ылғалдылық деңгейін реттеу түймесі


- S. Жұмыс режимін таңдау түймесі
- T. Сөндіру таймерінің мәнін орнату түймесі
- U. Басқару панелін құлыптау түймесі
- V. Құралды ажырату/қосу түймесі

### ҚБ пульгі (A1 сурет, 4 бет)

- a. Құралды ажырату/қосу түймесі
- b. Артқы жарықты қосу/өшіру түймесі
- c. Иондау функциясын қосу/сөндіру түймесі
- d. Ылғалдандырудың қарқындылығын ретке келтіру түймесі
- e. «Жылы бу» функциясын қосу/сөндіру түймесі
- f. Ылғалдылық деңгейін реттеу түймесі
- g. Басқару панелін құлыптау түймесі
- h. Жұмыс режимін таңдау түймесі
- i. Сөндіру таймерінің мәнін орнату түймесі


## I. ПАЙДАЛАНА БАСТАУ АЛДЫНДА

Бұйым мен оның құрамдастарын қораптан абайлап шығарыңыз. Барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.

 *Корпусағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!*

*Тасымалдау немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағатқа бөлме температурасында ұстау керек.*

Желілік сымды толықтай тарқатыңыз. Аспап корпусын ылғал матамен сүртіңіз. Әзірлеудің алдында құрылғы сыртқы және көзге көрінетін ішкі бөліктерінде зақым, жарық және басқа ақау жоқтығына көз жеткізіңіз. Қуат көзінің элементі аспапқа қарама-қарсылығының сақталуымен орнатылғанына көзіңізді жеткізіңіз.

 *НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ! Жеткізу кешеніне кіретін қуат көзінің элементі бұйымның жұмыс қабілеттілігін тексеруге ғана арналған. Аспаптың үздіксіз жұмысы үшін жаңа қуат көзінің элементін сатып алу ұсынылады.*

*Қоректендіру элементтерін орнату кезінде қолдарыңыз және құрылғы құрғақ болуы тиіс.*

Шығатын бу тұсқағаз, декоративті жабындылар, электрондық аспаптар мен жоғары ылғалдылық зардап шегуі мүмкін басқа заттарға немесе материалдарға тимейтіндей қатты тегіс көлденең бетке орнатыңыз.

Ауа ылғалдағышты орнату орнын таңдаған кезде төменде келтірілген ұсынымдарды орындаңыз.

- Қыздырылған еден жөніндегі, ылғалдағышты жылыту құралдарынан тікелей жақында орнатпаңыз.


- Ылғалдағышты жиһаз бен электр құралдарынан тікелей жақында орнатпаңыз, сондай-ақ оны желдету қуыстарының жанында орнатпаңыз.
- Ылғалдағышты ауыстыру кезінде тек негіздемесінен ұстаңыз, бұл кезде суға арналған резервуарды ұстау керек.
- Ауа ылғалдағышты сумен толтырылған орнатылған сұйыққоймасымен ғана қосыңыз.
- Корпусының сыықсыздануын немесе өңсізденуін болдырмас үшін, температурасы 40°C-ден асатын суды сұйыққоймаға құймаңыз және тазалау үшін пайдаланбаңыз.
- Суды бу шығатын саңылау арқылы құймаңыз.
- Суды тікелей жұмыс камерасына құймаңыз.
- Суға арналған сұйыққоймаға және бу шығатын саңылауға бөтен заттар мен химикаттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Аспап жұмыс істеп тұрған кезде бу шығатын саңылауды жаппаңыз.
- Сұйыққоймадағы судың қатуына жол бермеңіз.

## II. ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАУ

### Суға арналған сұйыққойманы толтыру

 *Су резервуарын толтырған кезде аспап электр желісінен өшірілуі болуы тиіс.*

1. Су ыдысын жоғары тарту арқылы негізден алыңыз.
2. Резервуардың қақпағын алыңыз.
3. Сүзгіні – температурасы 10°C-ден 40°C-ге дейінгі тазартылған сумен толтырыңыз. Сұйыққойманың қақпағын жақсылап бұрап бекітіңіз.



 *Су құбырынан шығатын суды қолданар алдында тәулік бойы қалдыру ұсынылады. Тым қатты тазартылмаған суды қолдану жұмыс камерасында және жақын жерде орналасқан заттарда тоттың пайда болуына, сүзгінің ластануына әкелуі мүмкін.*

 *Суға тазарту құралдары, хош иісті майлар, парфюмерлі құралдар және т.б. қосуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.*

*Тоңазытқыш саңылауы арқылы аспапты сумен толтыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!*

4. Суға арналған сұйыққойманы аспапқа – негізіне жақсылап жанасатындай етіп орнатыңыз. Су жұмыс камерасына беріле бастайды. Қақпақты су ыдысына орнатыңыз.

### Пайдалану




1. Аспапты электр желісіне қосыңыз, дыбыстық сигнал естіледі, басқару панелінің барлық көрсеткіштері біраз уақыт жанады, содан кейін сөнеді. Аспап күту режимінде.
2. ҚБ пультіңде немесе аспаптың панелінде  түймесін басыңыз, аспаптан дыбыстық сигнал естіліп, аспап стандартты тәртіптемеде жұмыс істей бастайды: дисплейде үй-жайдағы ылғалдылық (% индикаторы) пен температураның (°C индикаторы) ағымдағы деңгейі кезек-кезек көрінеді, әдепкі ылғалдандыру қарқындылығының индикаторы жанады (II деңгей). Ылғалдылық деңгейінің қарқындылығын өзгерту үшін аспаптың панелінде немесе ҚБ пультіңде  түймесін басыңыз.

**STOP** **HAZAP AУДАРЫҢЫЗ!** Резервуарда су жоқ кезде немесе суға арналған резервуарсыз ылғалдатқышты қосуға болмайды. Құралдың жұмысындағы бұзушылықтарды болдырмау үшін жұмыс кезінде резервуарды шешуге тыйым салынады.

**i** Егер аспап электр желісінен аз уақытқа ажыратылған болса, қайта қосқан кезде дыбыстық сигнал болмауы мүмкін.

Екі айналмалы шүмектің арқасында Сіз будың шығу бағытын баптай аласыз.

Кез келген түймені соңғы рет басқаннан кейін 1 минуттан кейін дисплейі бар басқару тақтасының жарықтығы төмендейді. Дисплейдің басқару тақтасының жарықтығын арттыру үшін кез келген түймені басыңыз.

3. Сұйыққоймада су деңгейі сыни төмендеген жағдайда аспаптан үш дыбыстық сигнал естіліп, ол автоматты түрде жұмысын тоқтатады. Дисплейде  индикаторы жанып, қалған индикациясы сөнеді. Мұндай жағдайда аспаптың басқару панелінде немесе ҚБ пультінде  түймесін басып, аспапты электр желісінен ажыратыңыз да, суға арналған сұйыққойманы толтырыңыз.
4. Аспапты күту тәртіптемесіне қолмен ауыстыру үшін аспаптың басқару панелінде немесе ҚБ пультінде  түймесін басыңыз, корпустың көмескі жарығы сөнеді, желдеткіш 15 секунд бойы жұмысын жалғастырады, содан кейін өшеді. Аспапты пайдалануды аяқтағаннан кейін оны электр желісінен ажыратып, сұйыққоймада және жұмыс камерасында қалған суды ағызып жіберіңіз.



### R4S REDMOND қосымшасы арқылы құрылғыны қашықтан басқару

**!** **МАҢЫЗДЫ!** R4S REDMOND қосымшасы арқылы құрылғыны қашықтан басқару үшін Wi-Fi желісіне кіру қажет. Мобильді құрылғының Wi-Fi (2,4 ГГц) желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.

Ready for Sky REDMOND қосымшасы смартфон немесе планшет арқылы құрылғыны қашықтан жақын жерде бақылауға мүмкіндік береді.

1. Өзіңіздің планшетіңізге немесе смартфоныңызға (қолданылатын құрылғының операциялық жүйесіне байланысты) App Store немесе Google Play қосымшалар дүкенінен Ready for Sky REDMOND қосымшасын жүктеніз.



**i** Минималды қолдалатын операциялық жүйені компанияның [www.redmond.companу](http://www.redmond.companу) ресми сайтында немесе App Store және Google Play дүкендеріндегі қосымшаның сипаттамасынан анықтаңыз.

2. Ready for Sky REDMOND қосымшасын іске қосыңыз, аккаунтты жасаңыз және экрандағы көмекші сөздерді орындап отырыңыз.
3. Құрылғыны қосу үшін жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» белгішесін басыңыз.
4. «Увлажнители воздуха» қойындысына өтіңіз «Увлажнитель воздуха HF2200S» таңдаңыз.
5. Қосылмды орнату үшін құрылғы дыбыстық сигнал бергенше аспаптың басқару панелінде  түймесін басып тұрыңыз.  индикаторы жанады және дисплейде жыпылықтай бастайды.

6. Байланыс орнатылғаннан кейін  индикаторы үздіксіз жанып тұрады. Құрылғы қол жетімді құрылғылар тізімінде пайда болады. Енді сіз құрылғыны қашықтан басқара аласыз.



### «Жылы бу» функциясы

Бұл тәртіптемеде су ультрадыбыстық мембранаға берілудің алдында қыз-дырылып, ылғалдағыштан жылы бу шығады. Қыздырудың нәтижесінде (пастерлеу әсері) белгілі ауру тудырғыш бактериялар мен микроағзалардың басым көпшілігі өледі. Сонымен қатар, жоғары температураның есебінен аспаптағы бу түзілу қарқындырақ жүреді, осылайша жылы су үй-жайдағы ауаны жылдамырақ ылғалдандырады және хош иісті майларды тиімдірек таратады (хош иістендіру функциясы пайдаланылған жағдайда).

«Жылы бу» функциясын қосу/сөндіру үшін аспаптың басқару панелінде немесе ҚБ пультінде  түймесін басыңыз. Егер функция белсенді болса, дисплейде  индикаторы жанады.

### Ионизациялау функциясы

Аспап кірістіре орнатылған иондар генераторымен жабдықталған. Ылғалданған иондалған ауа шаңның барынша жылдам басылуына жағдай жасайды, бұл – ылғалдық жымыстыруды жеңілдетеді және оның тиімділігін арттырады, сондай-ақ ауаны микробтар мен аллергиягердерден тазалауға жәрдемдеседі. Сонымен қатар, иондалған ауа көңілкүй мен ұйқыны жақсартады, шаршағыштықты төмендетеді.

Иондау функциясын қосу/сөндіру үшін аспаптың басқару панелінде немесе ҚБ пультінде  түймесін басыңыз. Егер функция белсенді болса, дисплейде  индикаторы жанады.

### Хош иістендіру функциясы

Хош иістендіру әсеріне қол жеткізу үшін, аспапты қосар алдында аспаптың түпқоймасын дағы ойықтан спонжи бар арнайы тұрынтақты шығарып алыңыз да, оған бірнеше тамшы хош иісті май жағыңыз. Пайдаланғаннан кейін немесе хош иістендіруді тоқтатқаннан кейін спонжи бар тұрынтақты шығарып алып, оны ағын сүмен жуыңыз да, аспапқа орнатар алдында бөлме температурасында толығымен кептіріңіз.


### Ылғалдандыру қарқындылығын ретке келтіру


Сіз аспаптың басқару панелінде немесе ҚБ пультінде  түймесін баса отырып, ылғалдандыру қарқындылығын ретке келтіре аласыз. Дисплейдегі индикатор белгіленген деңгейді көрсетеді:

- I – минималды қарқындылық;
- II – орташа қарқындылық;
- III – максималды қарқындылық.

### Ылғалдылық деңгейін ретке келтіру

Сіз 5% қадамымен 40%-дан 80%-ға дейінгі диапазонда ылғалдылықтың қалаулы деңгейін бере аласыз.


Аспаптың панеліндегі немесе ҚБ пультіндегі  түймесін баса отырып қалаулы мәнді таңдаңыз, ауыстырып қосу шеңбер бойынша жүзеге асады. Таңдалған мәндер дисплейде бірнеше рет жыпылықтап, автоматты түрде сақталады, дисплей ылғалдылық пен температура ағымдағы деңгейін көрсетуге қайта оралады.


Берілген ылғалдылық деңгейіне жеткенде құрал автоматты түрде бу жіберуді тоқтатады, ылғалдану қарқыны индикаторы сөнеді. Егер бөлмедегі ылғалдылық деңгейі белгіленгеннен төмен түсіп кетсе, қайтадан бу жіберу іске қосылады. Берілген деңгейді ұстап тұру функциясын өшіру үшін құрал панеліндегі не қашықтықтан басқару пультіндегі  батырмасын басып тұрып «—».

### Жұмыс режимін таңдау

Басқару панеліндегі немесе қашықтан басқару пультіндегі **MODE** түймесін пайдаланып құрылғының үш жұмыс режимінің бірін таңдаңыз. Ауыстыру шеңбер бойымен жүзеге асырылады, дисплейде сәйкес индикатор жанады:


**A** – автоматты жұмыс режимі. Бұл режимде құрылғы бөлмедегі ылғалдылық деңгейін 55% деңгейінде сақтайды. Бөлмедегі ылғалдылық 45% төмен болса, құрылғы ылғалдандыру қарқындылығының максималды деңгейінде жұмыс істейді. Бөлмедегі ылғалдылық 45% жоғары болса, құрылғы ылғалдандыру қарқындылығының ең төменгі деңгейінде жұмыс істейді. Бөлмедегі ылғалдылық деңгейі 55% жеткенде, бу беру автоматты түрде өшеді. Бұл режимдегі иондау функциясы әрқашан қосылуы. Егер бөлме температурасы 10°C төмен болса, «Жылы бу» функциясы автоматты түрде қосылады.

 – бала жұмыс режимі. Бұл режимде құрылғы бөлмедегі ылғалдылық деңгейін 55% деңгейінде сақтайды. Бөлмедегі ылғалдылық 45% төмен болса, құрылғы ылғалдандыру қарқындылығының максималды деңгейінде жұмыс істейді. Бөлмедегі ылғалдылық 45% жоғары болса, құрылғы ылғалдандыру қарқындылығының ең төменгі деңгейінде жұмыс істейді. Бөлмедегі ылғалдылық деңгейі 55% жеткенде, бу беру автоматты түрде өшеді. Бұл режимде иондау және «Жылы бу» функциялары өшірілген.



 – түнгі жұмыс режимі. Бұл жұмыс режимінде басқару панелінің және дисплейдің барлық көрсеткіштері, сондай-ақ су ыдысының жарықтандыруы өшеді, құрылғы ылғалдандыру қарқындылығының ең төменгі деңгейінде жұмыс істейді. Басқару тақтасы мен дисплейді уақытша қосу үшін басқару тақтасындағы немесе қашықтан басқару пультіндегі кез келген түймені басыңыз.

индикаторсыз – стандартты жұмыс режимі. Бу беру қарқындылығын және ылғалдылық деңгейін ұстап тұру мәнін қолмен реттеуге, иондау және «Жылы бу» функцияларын қосуға және өшіруге болатын режим.


### Сөндіру таймері

Сіз 1 сағат қадамымен 1 сағаттан 12 сағатқа дейінгі диапазонда аспапты сөндіру уақытын бере аласыз. Таймерді орнату үшін аспаптың басқару панелінде немесе ҚБ пультінде  түймесін басыңыз, ауыстырып қосу шеңбер бойынша жүзеге асады. Берілген уақыт аралығы біткеннен кейін аспап автоматты түрде күту тәртіпмесіне өтеді. Егер функция белсенді

болса, дисплей кезекпен ағымдағы ылғалдылық деңгейін (% индикаторы), бөлме температурасын (°C индикаторы) және автоматты өшірілгенге дейін қалған сағат санын (H индикаторы) көрсетеді.




Таймер функциясын өшіру үшін басқару панеліндегі немесе қашықтан басқару пультіндегі  түймесін сандық индикатор «12» көрсеткенше басыңыз, содан кейін  түймесін қайта басыңыз.

### Су ыдысын жарықтандыру


Артқы жарық әдепкі бойынша қосылу. Артқы жарықты өшіру/қосу үшін басқару панеліндегі **MODE** түймесін дыбыстық сигнал шыққанша басып тұрыңыз немесе қашықтан басқару пультіндегі  түймесін басыңыз.

### Басқару панелінің құлпы

Қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін құрылғыда түймелердің кездейсоқ басылуына жол бермейтін басқару тақтасын құлыптау функциясы бар.

Құлыптауды қосу/өшіру үшін басқару тақтасындағы  түймесін бірнеше секунд басып тұрыңыз немесе қашықтан басқару құралындағы  түймесін басыңыз. Құлып қосылу кезде дисплейде  индикаторы жанады, құрылғы түймені басуға жауап бермейді.

### Температураның өлшем бірліктерін таңдау


Әдепкі бойынша дисплейдегі температура Цельсий градусымен (°C индикаторы) көрсетіледі, Фаренгейт (°F индикаторы) градустарын таңдау үшін дыбыстық сигнал шыққанша  түймесін басып тұрыңыз.

Цельсий градусындағы температура дисплейіне оралу үшін дыбыстық сигнал естілгенше  түймесін қайтадан басып тұрыңыз.

## III. АСПАП КҮТІМІ

### Тазалау жөніндегі жалпы ұсыныстар (A2 сурет, 5 бет)

Құралды тазалауға кіріспес бұрын, оның электр желісінен ажыраулы екендігіне көз жеткізіңіз. Бұйымның тұрқын ылғалды шүберек немесе губкамен тазартыңыз. Бұйымның тұрқын ылғалды сүлгімен немесе губкамен тазарту керек. Деликатты тазарту құралын қолдану мүмкін болады. Судың мүмкін болатын тамшылары мен тұрқындағы сыздықтарға жол бермеу үшін оның бетін құрғақ етіп сүртуге ұсыныс береміз.

 *Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағыны астына салуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!*

Суға арналған резервуарты таза ағын сумен жуыңыз және оны жұмсақ құрғақ матамен сүртіңіз. Минералсыздандыратын картриджді ағынды таза сумен шайыңыз. Мембрананы шеткамен немесе жұмсақ талшықтармен тазартыңыз. Тазартқаннан кейін суға арналған резервуар мен негіздемені келтіріңіз. Құрал үнемі жұмыс істеп тұрған кезде тазалауды екі күнде бір рет жүргізу керек.

**СТОП** Құралды тазалау кезінде қатты сүрткіштер немесе губкаларды қолдануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сондай-ақ химиялық агрессивті кез келген заттарды қолдануға болмайды.

Мембрана бетін өткір заттар және металл щеткалармен тазалауға тыйым салынады, себебі бұл өнімділіктің төмендеуі немесе құралдың істен шығуына себеп болуы мүмкін.

### Қақтан тазарту

Мембрана немесе негіздеме бөлікшелерінде щетка немесе жұмсақ матаның көмегімен тазалауға келмейтін қақ пайда болған кезде, қақтан тазартуды жүзеге асырыңыз.

Құралды электр желісінен ажыратыңыз. Суға арналған резервуарды негіздемесінен шешіңіз. Бір стақан су (200 мл) лимон қышқылының шай қасық (15 г) араластырыңыз, алынған ерітіндіні жұмыс камерасына құйыңыз. Құралды қоспаңыз! 15 минуттан кейін ерітіндіні суды төгіп тастаңыз, жұмсақ талшықты щетка немесе жұмсақ құрғақ матамен мембрана мен бөліктердің қабырғаларынан қақты алып тастаңыз. Негіздемесін жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.

### Хош иісті майларға арналған спонжы бар түпқойма тазалау

Әр қолданғаннан кейін хош иісті заттарға арналған түпқойманы жұмсақ жуу құралдарын қолдана отырып жылы сумен жуыңыз. Ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдаланған жағдайда спонж және бар түпқойма бен тұрынтақты 2 күнде кемінде 1 рет тазалап отырыңыз.

### Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшыратуға тыйым салынады.

Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

## IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

Ақаулық	Мүмкін болатын себебі	Түзету әдістері
Құрал қосылмайды	Құрал электр қуаты желісіне қосылмаған	Құралдың электр желісіне дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз
	Резервуарда су жоқ	Резервуарды суға толтырыңыз
Дисплейде индикаторы жыпылықтайды	Су резервуарын алынып тасталды	Құрылғының жұмыс уақытында су резервуарын шешпеңіз
	Су ыдысы дұрыс орнатылмаған	Су ыдысының дұрыс орнатылуын тексеріңіз
Будың шығу қарқындылығы жеткіліксіз	Резервуарда судың температурасы тым төмен	Резервуарға бөлме температурасындағы тұндырылған таза суды құйыңыз

Ақаулық	Мүмкін болатын себебі	Түзету әдістері
Будың шығу қарқындылығы жеткіліксіз	Жұмыс камерасында су тым көп	Құралды электр желісінен өшіріңіз және суға арналған резервуарды шешіңіз. Негіздеме ішіндегі бөлікшелерден суды төгіп тастаңыз. Ақырын суға арналған резервуарды орнына орнатыңыз және құралды қайта қосыңыз
	Мембранада ақ тұнбасы пайда болды	«Құралдың күтімі» тарауының нұсқауларына сәйкес мембрананы тазартыңыз
Ылғалдатқыштың жан-жағындағы заттарға ақ қатпар пайда болды	Қатты тазартылмаған су қолданылады	Арнайы сүзгілердің көмегімен суды тазартыңыз Суға тәулік бойы тұнуға мүмкіндік беріңіз немесе оны қайнатыңыз Тазартылған суды қолданыңыз
ҚБ пульті жұмыс істемейді	Қоректендіру элементтерінің ыдысы таусылған	Қоректендіру элементтерін ауыстырыңыз
Синхронизациялау әрекеті сәтсіз болды	Wi-Fi желісі бойынша қосылыс жоқ	Wi-Fi желісі жұмысының дұрыстығын тексеріңіз
	Ұялы құрылғыда ғаламтор өшіп тұр	Ұялы құрылғыда ғаламтор қосыңыз

**И** НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ready for Sky REDMOND қосымшасының жұмысында қандай-да бір істен шығу орын алған кезде сервистік орталыққа жүгіну міндетті емес. РЕДМОНД техникалық қолдау қызметіне барыңыз және R45 REDMOND жұмысындағы істен шығу және/немесе қателіктерді жою бойынша біздің мамандардан кеңес алыңыз. Сіздің ұсыныстарыңыз бен қосымшаның жұмысы жөніндегі ескертулеріңіз кезекті жаңарту кезінде ескерілетін болады. Сіздің еліңіздегі РЕДМОНД өнімінің пайдаланушыларын қолдау қызметінің байланыс мәліметтерін [www.redmond.com.tr](http://www.redmond.com.tr) сайтынан қарауға болады. Сізге осы сайттағы кері байланыс нысанын толтыра отырып көмекті алуға болады.



Кепілдіктен кейінгі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді табуға болады сайтта қолжетімді <https://redmondsale.com>

## V. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР



Стандартты кепілдеме 1 жылы. Кепілдіктің ұзартылған шарттары мен талаптары мына жерден табуға болады: <https://warranty.redmond.com.tr/>

Кепілдік кезеңі ішінде дайындаушы жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе барлық бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек

сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына (қоректену батареяларына) таралмайды.

Бұйымның қызмет мерзімі мен оған кепілдікті міндеттемелердің қолданыс мерзімі бұйым сатылған немесе өндірілген кезден есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаса).

Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 4-ші және 5-ші белгілер айды, 6-шы және 7-ші — құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

0	0	0	1	1	2	2	3	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ... 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (21 – 2021 ж., 22 – 2022 ж. ... 30 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүруі жағдайында сатып алынған күнінен 3 жылды құрайды.

*Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Қоршаған ортаға қамқорлық білдіріңіз: мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.*

[www.redmond.company](http://www.redmond.company)  
[www.multivarka.pro](http://www.multivarka.pro)  
Made in China

HF2200S-CIS-UM-1